



АУДАН ТЫНЫСЫ

ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛЫНЫҢ ҚАРҚЫНЫ

ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛЫ – АЙМАҚТЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ ДАМУЫНДАҒЫ АСА МАҢЫЗДАҒЫ ИЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ НЫСАНДАРДЫҢ БІРІ. ЯҒНИ КӨЛІК ЛОГИСТИКАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ОРТАЛЫҚ.



Теміржол – кез келген мемлекеттің экономикалық дамуының күретамамы. Қазақстанда бұл сала – жолаушылар мен контейнерлік жүк тасымалдарындағы дамудың негізі. Яғни халықаралық сауда айналымында да ерекше маңызға ие.

Теміржол көлігі логистикасындағы жаңа жобалар – Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттырып, орталық Азия мемлекеттері арасында маңызды логистикалық торапқа айналуының мүмкіндігі.

Осы орайда кешенді қызметтер көрсету үшін көлік-логистикалық хабтар құрылып, теміржол вокзалдары заманауи талаптармен қайта салынууда.

Бейнеу теміржол стансасы – еліміздегі үлкен әрі стратегиялық маңызды теміржол бекеттерінің бірі. Тоғыз жолдың торабында орналасқан Бейнеу вокзалы заманауи қатынас талаптарын орындай алмауда. Көне теміржол вокзалы өткен ғасырдың 86 жылдары салынып, бүгінде жолаушыларды қабылдау мүмкіндігі шектелген. Толассыз жолаушылар қатынасына қиындықтар туындап, қызмет көрсету аясы тарылған.

Жолаушыларды қабылдау сыйымдылығының мүмкіндігі аздағына байланысты 2025 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ ауылымыздың теміржол вокзалы нысанының құрылысын қайта құруды қолға алды. Құрылыс нысанына жауапты мердігер – «J CONSTRUCTION» ЖШС.



Бүгінгі таңда жұмыс барысы қарқынды жүруде. Осы күнге дейін жаңа нысанның жертелесі, бірінші және екінші қабаты жұмыстарының 40%-ы орындалған.

Құрылыс нысанының жертелесінде жүк қоймасы, жүк кассасы, дәмханалар, қызметкерлер үшін демалыс орындары қарастырылса, бірінші қабаты жолаушылар кассасы, күту залы, сауда нүктелері және жолаушыларды тексеру, өткізу пунктері мен жолаушылар үшін жеделсатырлар, жүрмелі баспалармен (эскалатор) жабдықталмақ. Ал жаңа құрылыс нысанының екінші қабатында қызметкерлер үшін арнаулы кабинеттер, күту және полиция бөлімшесінің залдары орналастырылмақ.

Сондай-ақ вокзал маңы абаттандырылып, коммуникациялық кабельдер жартылай, вокзалдың жолаушыларды қабылдау мүмкіндігі артып, тәулігіне 1000-1200 адамды қабылдауға болады. Сонымен бірге вокзал перронында мүмкіндігі шектеулі жандар үшін арнайы пандустар қойылып, қолайлы жағдайларға мән беріледі. Жаңа теміржол вокзалы ауданның басты қақпасы атанып, аймақтың туристік сапа деңгейінің артуына үлес қосады деп сенеміз.

Бұл жаңа құрылыс ғимараты ел игілігіне пайдалануға берілсе, жолаушылар мен вокзал қызметкерлеріне заман талабына сай барлық мүмкіндіктер жасалып, қызметкерлер құрамы да көбейеді деп күтілуде.

Үміт ҚАЗДАЕВА.

ШЕШІМІН ТАПҚАН МӘСЕЛЕ

АУЫЛ МӘСЕЛЕСІ ҚАШАН ДА ӨЗЕКТІ. СОНЫҢ ІШІНДЕ ЖОЛ ҚАТЫНАСЫНЫҢ ЖАЙЫ – ЖАН АЙҚАЙЫ. СӘУІР АЙЫНАН БАСТАП «МАҢҒЫСТАУ–АЛМАТЫ» ПОЙЫЗЫ АУДАН ОРТАЛЫҒЫНАН ШАЛҒАЙ ОРНАЛАСҚАН САМ, ТҰРЫШ ЕЛДІМЕКЕНДЕРІНЕ ТОҚТАМАЙТЫН КЕСТЕ ЖҮЙЕСІНЕ АУЫСТЫРЫЛҒАН БОЛАТЫН.



Осы өзекті мәселе ауыл әкімдерінің есеп беру кезінде аудан әкімінің назарына беріліп, онда ауданаралық қатынасты жақсартуды сұраған болатын. Өйткені халықтың тұрмыс тіршілігі аудан орталығымен тікелей байланысты қажет етеді. Айталық, азық-түлік өнімдерінің тасымалы, тұрмыстық қажеттіліктер, өндіріс орындарындағы ауысымдық шарттағы жұмысшылардың жол қатынастары – осы жол қозғалысына тәуелді.

Шұғыл әрекеттер жасалып, ауыл тұрғындарының сұранысы бойынша аудан әкімі тарапынан «Қазақстан теміржолы» Ұлттық компаниясы АҚ басқармасы төрағасы Т.Алдыбергеновке, «Маңғыстау магистралды желі бөлімшесі» филиалының директоры Е.Ізтұрғановқа хат жолданған.

Нәтижесінде ауыл тұрғындарының сұранысы қанағаттандырылып, аудан әкімдігінің жүйелі жүргізген жұмыстары шешімін тапты.

Аталған бағыттағы «Маңғыстау–Алматы–Маңғыстау» пойызы Сам және Тұрыш ауылдарына аялдайтын болып өзгертілді. Мамыр айынан бастап аялдау уақыты 1 минутқа, маусым айының 15-нен 2 минутқа ұзартылады.

Бұл – ауыл тұрғындарының қалпына келтірілген жол қатынасы. Яғни өңірде әлеуметтік маңызы бар мәселе оң шешімін тауып, халықтың ұсыныс-пікірлері назардан тыс қалмайтындығының айғағы болды. Көптің көкейкесті сұранысы орындалып, шалғай шақырымдар жақындай түсті.

Гүлнара ШЫМБЕРГЕНҚЫЗЫ.

ҚАЗІРГІ ТАҢДА ҚАЛА ӨМІРІНІҢ ҚАРБАЛАСЫ МЕН КҮЙБЕҢ ТІРШІЛІГІНЕН ШАРШАҒАН ЖҰРТ ТАБИҒАТ АЯСЫНДА ТЫНЫҒЫП, ТАЗА АУАДА ДЕМАЛУҒА КӨБІРЕК КӨҢІЛ БӨЛЕ БАСТАДЫ. ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕГІ ДЕМАЛЫС БАЗАЛАРЫНА ДЕГЕН СҰРАНЫС ЖЫЛ САЙЫН АРТЫП КЕЛЕДІ. МҮҢДАЙ ОРЫНДАР АДАМДАРҒА ЖАЙ ТЫНЫҒУҒА ҒАНА ЕМЕС, ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ СЕЗІНУГЕ, ТАБИҒАТПЕН ЕТЕНЕ ЖАҚЫН БОЛУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.

ЖАҢА ДЕМАЛЫС ОРНЫ АШЫЛАДЫ

Ауылдық демалыс орындарының басты ерекшелігі – табиғатында. Қаладағыдай көлік кептелісі мен у-шу жоқ, оның орнына кең дала, таза ауа мен тыныштық бар. Бұл әсіресе балалар үшін қызықты әрі танымдық демалыс саналады. Табиғат аясында серуендеу, таза ауада тынығу адамның денсаулығына оң әсер етіп, көңіл күйін көтереді. Сонымен қатар отбасы мүшелерінің бірге уақыт өткізуіне де қолайлы жағдай жасайды.

Осы бағыттағы ауқымды жобалардың бірі бүгінде Бейнеу ауданына қарасты Сыңғырлау ауылының екінші бөлігінде Ащыағар сайының жанында жүзеге асырылуда. Мұнда «Санжар» демалыс базасының құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Жобаны қолға алған кәсіпкер Бегалы Әбдиев ауыл тұрғындарына арналған заманауи әрі қолжетімді демалыс орнын ашуды мақсат еткен.

Нысан құрылысымен танысу барысында кәсіпкер бұл бастаманың ауыл үшін әлеуметтік маңызы зор екенін айтады.



– Сыңғырлау ауылында халық саны азайып бара жатыр. Мектепте бүгінде небәрі 120 бала білім алады. Ауылда жастар тұрақтап қалуы үшін ең алдымен жағдай қажет. Сонымен қатар Ақжігіт ауылдық округінде, жалпы Бейнеу ауданында отбасымен барып демалатын арнайы орындар жоқтың қасы. Сол себепті тұрғындар көбіне Ақтау қаласына барады. Ал оған қомақты қаражат жұмсайды. Біз халыққа қолжетімді әрі жайлы демалыс орнын ашқымыз келеді, – дейді кәсіпкер Бегалы Әбдиев.

Жоба аясында демалыс базасында балалар мен ересектерге арналған бассейндер, ойын алаңдары, бағут, футбол алаңы және ағаштан салынған демалыс үйлері бой көтеруде. Сондай-ақ мұнда қонақ үй, хостел, караоке, жазғы бар және шайхана қызмет көрсететін болады.

Кәсіпкердің айтуынша, жол бойында орналасқан шайхана жолаушылар мен ауыр жүк көлігінің жүргізушілеріне де қолайлы болмақ. Мұнда келушілер ыстық тамақ ішіп, тынығып шығуына мүмкіндік жасалады.

Демалыс аймағында атпен серуендеу қызметі де қарастырылған. Арнайы көпір салынған аумақта келушілер табиғат аясында серуендеп, отбасымен уақыт өткізе алады. Ал қонақ үй бір мезетте сегіз адамды қабылдауға лайықталған.

Жоба толық іске қосылған жағдайда шамамен отыз адам тұрақты жұмыспен қамтылмақ. Оның ішінде шайханың өзінде жиырмаға жуық адам еңбек етеді деп жоспарланған.

– Демалыс базасын маусым айында ашуды көздеп отырмыз. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары жалғасып жатыр. Алайда жұмыс күшінің жетіспеушілігі құрылыс қарқынына әсер етуде, – дейді кәсіпкер.

Ауыл тұрғындарының пікірінше, мұндай демалыс орнының ашылуы өңірдегі ішкі туризмді дамытуға, ауыл экономикасын жандандыруға және халықтың бос уақытын тиімді өткізуіне оң ықпал етпек.

«Санжар» демалыс базасы – ауыл туризмін дамытуға бағытталған маңызды жобалардың бірі. Бұл бастама тек демалыс орны ретінде ғана емес, ауыл тұрғындарының жұмыспен қамтып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін нысан болмақ.

Г.ЖАЙЫҚОВА.





21 МАМЫР – МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

АУЫЛ МӘДЕНИЕТІ – руханият ошағы



ҚАЙ ХАЛЫҚТЫҢ БОЛМА-СЫН МӘДЕНИЕТІ, ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ – РУХАНИ БАЙЛЫҒЫ. ХАЛЫҚҚА ҰЛГІЛІ ӘРІ САПАЛЫ МӘДЕНИ-РУХАНИ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ. ҚОҒАМДА ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕР САЛАСЫН ЖАҢҒЫРТУ – БҮГІНГІ ТАҢНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ. ХАЛЫҚТЫҢ РУХАНИ БАЙ ДҮНИЕСІНІҢ ӨРЕЛІ ӨЛШЕМІ ДЕ ОСЫ МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕР ЕНІШСІНДЕ.

Абыл мәдениет үйі – аудандағы өнерлі жандардың басын қосатын орталықтың бірі, жатығасырлық тарихы бар киелі шаңырақ. Мәдениет үйінің алғашқы басшылық қызметін атқарған ақын, марқұм Әбдібек Жаманбаев өнер ұжымына аудан өнерпаздарын жинап, ұлттық ансамбльдерге жол ашқан болатын.

Өнер ошағының негізгі мақсаты – халықтың рухани-мәдени деңгейін көтеру, ұлттық өнер мен мәдени саланың дамуына және қалыптасуына жағдай жасау, шығармашылық бос уақытты тиімді ұйымдастыру.

Мәдениет пен руханияттан, әдебиеттен қол ұзу – бұл халықты салт-дәстүрден, ұлттық құндылықтарымыздан ажырату. Осындай асыл жауһарларымызды жоғалтып алмау жолында бұл ұжым тынымсыз еңбек етеді. Бүгінгі күні мәдениет үйі түрлі мәдени-көпшілік іс-шаралар ұйымдастырып, халықтың мәдени демалысын қамтамасыз етіп келеді. Яғни концерттер, байқаулар, әдеби-музыкалық кештер мен көрмелер өткізіліп тұрады.

Қазіргі таңда мәдениет үйі заман талабына сай жұмыс істеп, аудан халқының мәдени өмірін жандандыруға өз үлесін қосуда. Қазақстан Республикасының мәдениет саласын дамыту бағдарламалары аясында 2023 жылы материалдық

техникалық базасы жаңартылып, өнер ұжымдары мен шығармашылық топтардың жұмысын дамытуға қолайлы жағдай жасалды. Осы орайда «Арай» ансамблінің 50 жылдық мерейтойы аталып өтті. «Арай» ансамблінің мәдениет үйіндегі орны ерекше. Ансамбль – халықтық өнердің этнографиялық әрі сахналық үлгілерін насихаттап, ұлттық рух пен халықтық мұраны сақтап, кейінгі ұрпаққа аманаттап келе жатқан өнер ұжымы.

Ансамбль репертуары қазақ халқының бай фольклорын, салт-дәстүрін, ұлттық болмысын сахна төрінде шеберлікпен бейнелеумен ерекшеленеді. Соңғы 50 жыл ішінде шығармашылық жетістіктерге жетіп, «Арай» ансамблі мәдениет саласында өшпес із қалдырып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп, бүгінгі рухани дамуына айрықша үлес қосуда. Сонымен қатар ауданға танымал «Алтыбақан» фольклорлық-этнографиялық ән-би ансамблінің 1978 жылы негізі қаланып, бүгінге дейін өз өнерлерімен көрермендерді сусындатуда. Өнер ансамблі кеңестік дәуір кезінде Мәскеу, Румыния сияқты елдерге сапар шегіп, өз өнерлерімен шетелдіктерді тамсандыра білді.

Айтулы өнер ұжымдарының құрамы әр жылдары жас өнерпаздармен толығып, ел-халыққа қалтқысыз қызмет көрсетуді жалғастырып келеді.

Талантты, дарынды балалардың шығармашылығы дамып, жетістіктерге жетуі де тікелей үйірме жетекшілерінің тынымсыз еңбектеріне байланысты. Бұл ретте үйірме жетекшілерінің басым көпшілігі – жастар және барлығы дерлік талантты өнерпаз, іскер ұйымдастырушы.

Өнерпаз жас мамандардың барлығының ауыл мәдениетіндегі орны ерекше. Саланың қиындығына төзіп, жанашырлықпен ұлтқа қызмет етіп жүрген өнер иелерінің ұжыммен, үйірме мүшелерімен жұмыс жасауы соның дәлелі.

Мәдениет үйі – өнер мен еңбектің үлгісі. Өнерпаздар ұясы жыл басынан бері дәстүрлі өнер түрін насихаттау барысында түрлі бағытта іс-шаралар, кездесу кештер, байқаулар өткізуді жоспарлап, аудан ішінде бекітілген жоспарға сай жұмыс атқаруда.

Мәдениет ұжымына материалдық-базалық қолдау да көрсетіліп келеді. Өнер



ошағы сахналық киіммен, музыкалық апаратурамен, жиһаздар, компьютерлермен қамтамасыз етіліп, өткен жылы аудан әкімдігінің қолдауымен 51 орындық заманауи автобус тарту етілді.

Рухани өнер қызметкерлері мәдениет пен өнер шығармашылығында бірқатар жетістіктерге қол жеткізді. «Рухани казына – 2025» мәдениет және өнер қызметкерлерінің республикалық фестивалінде «Үздік аудандық мәдениет үйі (сарайы)» номинациясы бойынша Абыл мәдениет үйі I орын иеленді. Тәуелсіздік күні мерекесіне орай еліміздің әлеу-

меттік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосып, жоғары кәсіби біліктілігімен өз саласында адал еңбек етіп жүрген азаматтардың арасында өткізілген «Жыл үздігі – 2025» атты республикалық байқауына қатысқан Ұлбосын Ізтереева I дәрежелі дипломмен марапатталды.

Аудан өнерпаздары облыстық, республикалық мәдени өнер байқауларына ұдайы атсалысып, жүлделі орындардан көрініп келеді.

«Маңғыстау жұлдыздары» өнер фестивалінде «Арай» эстрадалық вокальды ансамблі мен «Оркестр» жанрынан Ұлт аспаптар оркестрі жүлделі III орынға ие болды.

Ауыл – ұлт мәдениетінің мәйегі. Халыққа сапалы мәдени-рухани қызмет көрсету – заман талабы. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев: «Мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыттарының бірі – мәдениет пен өнер», – деген болатын. Біздің бабаларымыздан қалған қазынамыздың бірі – асыл сөз. Қылыш шешпеген даудың шешімін сөз шешкен.

Мәдениет үйінің жоспарлы жұмыстарында өлкеге танымал ақын Айтуар Өтегеновтің әдеби сазды кеш, балалар әдебиетінің көрнекті өкілі Көмек Ыбырайұлының шығармаларынан оқушылар арасында аудандық фестиваль ұйымдастыру жоспарланған. «Ел іші – өнер кеніші» демекші, оң саусағынан өнер тамған зергер Өтепқали Өміровтің өнер туындыларынан шеберлік галереясын ұйымдастыру мен жарты ғасырлық тарихы бар «Алтыбақан» ұлттық-этнографиялық ансамблінің елу жылдығы және ұлт руханиятына қызмет ететін ауданымыздағы «Халықтық» атағы бар ұжымдардың есептік концерттері өткізілмек. Ұлтымыздың мәдени өмірінің айнасы – ауылдың мәдени ошақтары. Ғасырлар бойы үзілмеген халықтық рухани келбетіміз, өнер жолындағы ұлттық болмысымыз да осы ауылдағы мәдениет үйлерінің тағылымды еңбектерімен өлшене бермек.

Рабиға АҚШАУОВА,
мәдениет саласының қызметкері.

ЖАС ТАЛАНТТАРДЫҢ

жарқын кеші

АБЫЛ МӘДЕНИЕТ ҮЙІ САХНАСЫНДА ҚҰЛШАР БАҚТЫБАЙҰЛЫ АТЫНДАҒЫ БЕЙНЕУ БАЛАЛАР ӨНЕР МЕКТЕБІ ҰЙЫМДАСТЫРҒАН «БАЛҒЫН ӨНЕР ӘЛЕМІ» АТТЫ ЕСЕПТІК КОНЦЕРТ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ӨТТІ. ӨНЕР – БҮЛ ЖАС ҰРПАҚТЫҢ БОЙЫНА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ СІңІРІП, РУХАНИ ДҮНИЕСІН БАЙЫТАТЫН ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ КӨЗІ.

Өнер мерекесіне аудан тұрғындары, ата-аналар, ұстаздар мен мәдениет саласының өкілдері қатысып, жас өнерпаздардың шығармашылығына куә болды. Өнер өкілдері мен ұстаздар жас таланттарды халықтың мұрасы мен ұлттық дүниетанымына баулиды. Жас өрендердің музыка, би және бейнелеу өнерінде эстетикалық шығармашылықпен айналысуына жол ашады.

Балалар өнер мектептері мен арнайы мәдени жобалар арқылы балалардың шығармашылығы шындалып, өнер мәдениеті қалыптастырылады. Яғни өнер – жас ұрпақтың өнер жолындағы рухани өсуін айқындайтын дара жол.

Есептік концерттің басты мақсаты – оқушылардың бір жыл бойы алған білімдері мен шығармашылық жетістіктерін көпшілікке таныстыру, балалардың бос уақытын тиімді пайдалануына бағыт беру, сондай-ақ ата-аналар алдында өнер мектебінің атқарған жұмыстарын қорытындылау болды.

Кеш шымылдығы ұлт аспаптар оркестрінің күмбірлеген күйімен ашылып, көрерменді бірден өнер әлеміне жетеледі. Концерт барысында өнер мектебінде тәлім алып жүрген оқушылар хореография, домбыра, фортепиано және басқа да өнер бағыттары бойынша дайындаған үздік нөмірлерін сахна төрінде орындады.

Әрбір қойылым көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп, жас таланттардың шеберлігіне тәнті етті. Әсіресе халық әндері мен ұлттық күйлердің орындалуы концерттің мазмұнын тереңдеті түсті. Домбыра үнімен өрілген шығармалар ұлттық рухты асқақтатса, заманауи әндер мен мың бұралған бишілер көрерменге ерекше көңіл күй сыйлады.

Өнерпаздардың сахна мәдениеті мен орындаушылық шеберлігі олардың жыл бойғы еңбегі мен ұстаздарының кәсіби дайындығын айқын көрсетті.

Шара барысында аудандық білім бөлімінің басшысы Шохан Жаулыев өнердің бала тәрбиесіндегі маңызына және өнерге жақын өскен баланың рухани дүниесі бай, тәрбиесі терең болатынын атап өтіп, жас өнерпаздарға сәттілік тіледі. Сонымен қатар балалардың шығармашылық қабілетін шыңдап жүрген ұстаздардың еңбегіне ризашылығын білдірді.



Кеш барысында өнер мектебінің жетістіктері де кеңінен айтылды. Биылғы оқу жылында мектеп оқушылары түрлі байқаулар мен фестивальдерге қатысып, жүлделі орындардан көрініп, аудан мерейін өсірген. Бұл – ұстаздар мен шәкірттердің тынымсыз еңбегінің жемісі.

Тағылымды тәрбие мен сапалы білім – бала болашағының берік негізі екені белгілі. Осы бағытта жүйелі еңбек етіп келе жатқан Құлшар Бақтыбайұлы атындағы Бейнеу балалар өнер мектебі ұжымы жас дарындардың шығармашылық қабілетін дамыту жолында аянбай еңбек етіп келеді. Өнер ордасында тәрбиеленіп жатқан оқушылар бүгінде түрлі мәдени шаралардың бел ортасында жүріп, аудан мәдениетінің өркендеуіне өз үлестерін қосуда.

Концерт соңында өнер мектебінің директоры Әсем Шонтыбаева жыл бойы табысты еңбек еткен ұстаздар мен ерекше жетістіктерімен көзге түскен дарынды оқушыларға Алғыс хаттар табыстап, өнерге деген сүйіспеншілік пен шығармашылық ізденіс әр баланың болашағына жол ашатынын айтып, ата-аналарға қолдаулары үшін ризашылығын білдірді.

«Балғын өнер әлемі» атты есептік концерт – жас таланттардың өнердегі алғашқы қадамдарын айқындаған тағылымды кеш болды. Өнер мен тәрбиені қатар ұштастырған бұл шара көрермен көңілінен шығып, балалар шығармашылығына деген қолдаудың маңызын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Үміт АСҚАРҚЫЗЫ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«LUCENTPETROLEUM» ЖШС келесі жоба бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізетіндігі туралы хабарлайды: «Мұнайбай кен орнының «Бақыт» учаскесінде №ВН-2, ВН-3, ВН-5, ВН-6 өндіру ұңғымаларының құрылысының топтық техникалық жобасы» КОҚБ түзету. Қоғамдық тыңдаулардың өткізілетін жері: Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Боранқұл а., Мәдениет үйінің ғимаратында, өткізілетін күні мен уақыты: 22.06.2026ж., сағат 15.00-де, Біқтимаал әсер ету аймағы Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Боранқұл а. гео.координаттары с.е.45°42'53" ш.б. 53°41'47"

ZOOM платформасында онлайн режимінде қосылу үшін сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/88172012820?pwd=уBC5tWcxВJN6QViglaVh9cCrlyNlRc>. Конференция идентификаторы: 881 7201 2820 Кіру коды: qf8QPі

Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекенжайы: Жобалық құжаттамамен бірыңғай экологиялық порталында <https://hearings.ndbecology.gov.kz> сондай-ақ Маңғыстау облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/> орналастырылды, эл.пошта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz арқылы танысуға болады.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Lucent Petroleum» ЖШС, тел.+7 778 737 7580 e-mail: d.slanbayev@lucentpetroleum.com.

Жобаны жасақтаушы «PRIME CAPITAL CORPORATION» ЖШС, e-mail: PrimeCompanyLTD@mail.ru тел. +7 701-763-32-21

Қосымша ақпаратты мына эл. мекенжай бойынша алуға болады: PrimeCompanyLTD@mail.ru және тел. +7 701-763-32-21

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «LucentPetroleum» объявляет о проведении общественных слушаний проекта: Корректировка РООС к «Групповому техническому проекту на строительство эксплуатационных скважин №ВН-2, ВН-3, ВН-5, ВН-6 на участке Бахыт месторождения Мұнайбай»; Место проведения общественных слушаний: Мангистауская область, Бейнеуский район, с. Боранқұл, в здании Дома культуры. Дата и время проведения: 22.06.2026г. в 15.00 часов. Территория потенциального воздействия Мангистауская обл., Бейнеуский район, с. Боранқұл гео.координаты с.ш.45°42'53" в.д. 53°41'47"

В случае карантинных ограничений можно подключиться онлайн на платформе ZOOM, по ссылке: <https://us05web.zoom.us/j/88172012820?pwd=уBC5tWcxВJN6QViglaVh9cCrlyNlRc>. Идентификатор конференции: 881 7201 2820 Код доступа: qf8QPі

Электронный и почтовый адрес местного исполнительного органа: С материалами проектной документации можно ознакомиться на едином экологическом портале <https://hearings.ndbecology.gov.kz>, а также на официальном интернет-ресурсе МИО: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области» <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/> эл.почта:s.bazarbay@mangystau.gov.kz.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Lucent Petroleum» +7 778 737 7580 e-mail: d.slanbayev@lucentpetroleum.com.

Проектная организация: ТОО «PRIME CAPITAL CORPORATION» эл.почта: PrimeCompanyLTD@mail.ru тел. +7 701-763-32-21.

Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу: PrimeCompanyLTD@mail.ru тел. +7 701-763-32-21